

## БАСТАУЫШ ДЕҢГЕЙ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ДАМУ ТУДА ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕУ

Мукашева Лаззат

«Білім берудегі менеджмент» ББ ІІ курс магистранты

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан


Ғылым жетекшісі, п.ғ.д., профессор - Мұханбетжанова А.У.

Құндылық бағдары дегеніміз әрбір тұлғаның құндылық жүйесіне негізделіп отырып қалыптасқан ішкі құрылымдық бөлігі болып табылады. Адамзат дәл осы құндылық бағдарларына сүйеніп отырып өз өмірінің түрлі сәттерінде маңызды шешімдер қабылдайды.

Менеджмент тұрғысынан қарастырылса: құндылық бағдары дегеніміз тұлғаның әлеуметтік нормалар мен қоғам ішіндегі өнімді еңбек етіп, табысты өмір сүруіне түрткі болатын этикалық принциптерінің жиынтығы ресейлік ғалым Алексей Льеонтев берген анықтамасы.

Қазіргі уақытта ең кең тарағаны құндылықтар тізімін тікелей саралауға негізделген М.Рокичтің құндылық бағдарын зерттеу әдістемесі болып табылады. Психология тұрғысынан талданса: құндылық бағдары дегеніміз адамның ішкі психикалық жүйесіндегі өмірлік шешімдерге қатысты «құнды» деп танылған наным-сенімдер жиынтығы .

Толкотт Парсонс қоғам «қоғам-топ-жеке тұлға» трихотомиясында басымдылыққа ие болады және әлеуметтанудың басты объектісі болып табылады», — деген пікірді ұстанды. Қоғам — адамдардың біріккен, ынталандырылған іс-әрекеті және ол белгілі бір ортада әрекет ететін жеке тұлғалардан, яғни табиғи ағзалардан тұрады. Демек, қоғамды зерттеу үшін, жеке тұлғалар әрекеттеріне, яғни түсінікті тұлғалық ғадет пен әрекеттерге теңестірілуі керек. Педагогикалық менеджмент тұрғысынан қарастырылса: құндылық бағдары дегеніміз кез-келген адамның өмірлік тәжірибесіне сүйеніп отырып қалыптасқан ішкі тұлғалық элементтердің жиынтығын айтады.(сурет-1).



Сурет-1. «Құндылық бағдары» ұғымының түрлі ілім салаларында қарастырылуы

Сонымен қатар педагогика мен менеджменттің өзара түйісуінің нәтижесінде «құндылық бағдары» үш бағытта талқыланады:

1. Құндылық бағдары вектор ретінде: Бұл бағытта зерттеулер жүргізген ғалымдардың бірі У. Томас мынадай анықтама береді: Құндылық бағдары-адамның белгілі бір идеалдары мен маңызды деп санаған өмірлік ұстанымдарының бағыттылығы.

Құндылық бағдары вектор ретінде ұстанымдар келесідей:

-әлеуметтік құндылық ұстанымы.

-ұлттық құндылық ұстанымы.

-жеке құндылық ұстанымы.

2. Құндылық бағдары белгілі бір сүзгіш іспеттес. Осы бағытты зерттеген танымал психолог Рокич болып саналады. Автордың пайымдауына құндылық бағдары дегеніміз-баланың айналадын кез-келген ақпаратты және өз өмірінде қабылдауы керек шешімдерді өткізетін психикалық «сүзгіні» немесе психикалық тұтқаны айтады. Автор адам өзінің құндылық бағдарына сүйене отырып өмірлік шешімдерді қабылдайды деген анықтамалар да келтірді.

3. Құндылық бағдары реттеуші құрал іспеттес. Осы бағыттың негізін салған авторы-Б. Ананьев болып саналады. Ол бойынша құндылық бағдары дегеніміз оқушылардың өзін-өзі іштей қадағалау жасайтын, іс-әрекеттерін реттеп отыратын, психикалық құрал деп анықтама берді. Сонымен қатар автордың айтуынша құндылық бағдары педагогикалық менеджментте мұғалім мен оқушының ата-анасының ролі мен функциясын да атқара алады деген пікір білдірді (кесте-1).

Кесте-1. Құндылық бағдары ұғымының педагогика мен менеджмент ілімдерінде қарастырылу бағыты

р/н	«Құндылық бағдары» ұғымын анықтаушы бағыттың атауы	Бағытты негіздеген ғалым	Сипаттамасы
1	Құндылық бағдары вектор ретінде	У. Томас	Тұлғаның белгілі бір идеалдары мен маңызды деп санаған өмірлік ұстанымдарының бағыттылығы.
2	Құндылық бағдары психиканың белгілі бір сүзгіш іспеттес	Рокич	Тұлғаның қоршаған ортадағы кез-келген ақпаратты және өз өмірінде қабылдауы керек шешімдерді өткізетін психикалық «сүзгіні» немесе психикалық тұтқасы.
3	Құндылық бағдары реттеуші құрал іспеттес	Б. Ананьев	Оқушылардың өзін-өзі іштей қадағалау жасайтын, іс-әрекеттерін реттеп отыратын, психикалық құрал


Құндылық бағдары ұғымын зерттеген авторлардың қатарына шетелдік фундаменталды ізденістермен айналысқандары: У. Томас, Ф. Знанецкия., М. Рокич., Т. парсонстарды атап айтуға болады. Құндылық бағдары ұғымына дейін ғылыми айналымда «әлеуметтік ұстаным» атты термин қолданылатын. Бұл терминді негіздеп, ұсынған У. Томас пен Ф. Знаненцкий болатын. дәл осы екі автордың зерттеулері құндылық бағдары ұғымының енгізілуіне алғашрт болды деп айтуға әбден болады.

Құндылық бағдары ұғымын психологиялық тұрғыдан айқындап, дәлелдеген автор Милтон Рокич болып саналады. Ғалым оқушылардың және жалпы адамзаттың құндылық бағдарын анықтаушы, диагностика жасаушы әдістемелік тестілерді негіздеді.

Құндылық бағдарын білім беру менеджменті тұрғысында негіздеушілердің бірі Т. Парсонс еді. Автордың зерттеулеріне сүйенер болсақ: құндылық бағдары баланың тұлғалық болмысы мен білім беруші мекеменің арасында байланыс орнататын элементке балады.

Құндылық бағдарын зерттеген ТМД және қазақстандық ғалымдардың қатарына: А. Леонтьев., Б. Ананьев., Н. Щуркова., Н. Хмель., Қ. Сейтешев., Күләш Қожахметоваларды атап айтуға болады.

Білім беру менеджментінде оқушылардың құндылық бағдары маңызды функцияны атқарады және ол қызметтері басты үш бөліктен құралған:



Сурет-2. Құндылық бағдарының білім беру саласын басқару тұрғысынан атқаратын функциялары

1. Құндылық бағдарының біріктіруші қызметі. Бастауыш сынып оқушыларының білімі, сезімдері мен ерік-жігері біртұтас өмірлік ұстанымдарға, яғни құндылық бағдарына бірігеді. Оқушы тұлғасы қалыптасқан сайын, өмірлік тәжірибеден өткен сайын баланың психикалық қасиеттері өзара бірігіп, белгілі бір құндылықтар жүйесін иелене бастайды. Осы құндылықтардың жиынтығынан, яғни бірігуінен оқушының құндылық бағдары негізделеді.

2. Құндылық бағдарының жігерлендіруші қызметі. Білім беру жүйесінде оқушылардың құндылық ерекшеліктеріне орай оқу процесін ұйымдастырудың оң нәтижелері зор. Оқу нәтиже көрсетеді егер оқушылардың құндылығы білім алу, жаңа мағлұматтарды тану, өз бетінше іздену, ілімін көбейту іспеттес дүниелер бала үшін құндылыққа айналса оқу үлгерімі де жоғарылайды. Осы тұста бастауыш сынып оқушыларының құндылық бағдарының жігерлендіруші қызметі айқындала түседі.

3. Құндылық бағдарының әлеуметтік ортаға бейімделудегі қызметі. Құндылық бағдары баланың әлеуметтенуі үшін атқарар ролі өте зор. Өйткені кез-келген орта немесе кез-келген ұжым мүшелері өздерінің ұқсас құндылықтары арқылы бірігеді, бір-біріне жақындай түседі. Осы сәтте бастауыш сынып оқушыларының құндылық бағдарының бейімделуге көмектесуші қызметі анықталады (сурет-3).

Бастауыш сынып оқушыларының құндылық бағдарын даму және осы процесті ұйымдастыру үшін «құндылық бағдар» ұғымының (терминінің) басты құрамдас бөліктерін жіктеп қарастырудың маңыздылығы зор. Ол бөліктер мынадай:

Оқушы өз бойындағы  
құндылықтарымен  
етене таныс және  
біледі.

Оқушы өз жан  
дүниесіндегі  
құндылықтардың  
маңызды екенін  
сезінеді.

Оқушы өз  
құндылықтарына  
бағдарлана отырып  
шешім қабылдайды, іс-  
әрекеттерге бел буады.

Сурет-3. Оқушы бойындағы құндылық бағдарының басты компоненттері

Оқушылардың құндылық бағдары-бастауыш білім беру жүйесінің басты басқару капиталы болып табылады. Бастауыш деңгей оқушыларының құндылық бағдарын дамыту қазақстандық экономикалық жағдай мен білім беру саласындағы өзгерістер кезеңіндегі өзекті болған тұстарына жеке-жеке тоқталсақ. Қазақстан нарықтық қоғамға енегеннен кейін ғаламдану дәуіріндегі капиталистік-цифрлық шарықтау шегіне жеткен кезең талаптарына жауап бере алатын жас ұрпақты тәрбиелеп, білім беріп, өсіріп шығару-отандық ағарту саласының басты мақсатына айналды. Осы білім беру саласының мақсатын жүзеге асыру үшін ҚР келесідей бағытта тұжырымдамалар, бағдарламалар мен білім беруді стратегиялық дамыту жоспарларын қабылдап, өз деңгейінде жүзеге асыру әрекеттерін де жасап келеді.

Бастауыш деңгей оқушыларының құндылық бағдарын дамыту мәселесінің қазақстандық шынайылықта өзінің көкейтесті екендігін дәлелдейтін республикалық білім беру саясатының басты құқықтық тетіктеріне мынадай тұжырымдамалар, бағдарламалар мен білім беруді стратегиялық дамыту жоспарларының қабылдануын алға тартуға болады:

1. Қазақстан Республикасындағы жүзеге асырылып келе жатқан «Адал азамат» тұжырымдамасы. Осы тұжырымдама идеологиясы бойынша қазақстандық барлық бастауыш білім беру мекемесінің оқушылары өзінің бойына көптеген құндылық бағдарын қалыптастыруды, дамытуды қолға алған. Мәселен, жас ұрпақтың бойында шыншылдық, адалдық, еңбексүйгіштік, елжандылық, өз ұлтының тағдырына алаңдаушылық іспеттес құндылықтардың нығаюын және баланың дүниетанымында осындай адами қасиеттердің жинақтала сіңуін «Адал азамат» тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатына айналдырды. Сондықтан ҚР «Адал азамат» тұжырымдамасының қабылдануы және жүзеге асырыла бастауы- бастауыш деңгей оқушыларының құндылық бағдарын дамыту мәселесінің отандық қоғамда көкейтесті мәселе екендігін дәлелдейді. Зерттеу жұмысы барысында бастауыш сынып оқушыларының бойында түрлі адами қасиеттерді құндылық ретінде қабылдаған дүниетанымының қалыптасуына педагогикалық және тәрбиелік жағдай жасайтын білім беру кеңістігін ұйымдастыру мен тиімді басқарудың тетіктерін анықтау жйне жүзеге асырудың қажеттілігін талап етеді. Осындай қоғамдық талаптар мен республикалық білім беру саясатының бағыттарының ұштасуынан зерттеу мәселесінің өзектілігі дәлелдене түседі.

2. Қазақстан Республикасының білім беру саясатының келесі бір маңызды бағыты-оқушылар арасында бірінші тәрбиелеуші оқу кеңістігін құру. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы өз деңгейінде жүзеге асырылып келеді. Аталмыш бағдарламаның басты ұстанымы-оқушылардың, оның ішінде кіші сынып жасындағы балалардың бойында ұлттық-этнопедагогикалық құндылықтар мен жалпы адами-гуманистік құндылықтарды сіңдіру. Осы аталмыш бағдарламаның шеңберінде зерттеу мәселесі болып табылатын бастауыш деңгей оқушыларының құндылық бағдарын дамытуға бағытталған әкімшілік және басқарушылық шараларының тиімділігін анықтау және осы мәселені тәжірибелік-эксперименттік сыннан өткізіп, оқушылардың құндылық дүниетанымдарын қалыптастыруды білім беру кеңістігін құру және басқарудың моделін ұсыну-зерттеу мәселесінің өзектілігі мен көкейтестілігін дәлелдейді.

3. Ғаламдану дәуірінде көптеген мәдени –өркеніет өкілдерінің өзара әрекеттесуінің нәтижесінде халықтар мен этностар арасында дәстүр мен ұлттық мәдени кодтың жойылу қаупі жоғарылай түсті. Осындай қоғамдық өзгерістер кезеңінде қазақ халқының ұлттық-мәдени құндылықтарын сақтап қалудың және осы дәстүр жалғасын бастауыш сынып оқушыларының бойында құндылық дүниетаным ретінде сақталуы қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасының келесі бағдарламасы «Рухани жаңғыру» концепциясы болып табылады деп айтуға болады. Міне, осындай білім беру саясатының жүзеге асырудың тағы бір құралы зерттеу мәселесінің көкейтестілігін айқындайды. Атап айтар болсақ, бастауыш деңгей оқушыларының құндылық бағдарын дамыту мақсатында бастауыш білім беру үдерісінде дәстүрлік құндылықтарға дәріптеуші тәсілдер мен инновациялық жаңалықтарды да бірегей оқушының құндылығы ретінде қалыптастырушы оқу кеңістігін құру және басқаруға қатысты зерттеулер жүргізу мәселесінің көкейтестілігін дәлелдейді.

4. Соңғы жылдары қазақстандық білім беру кеңістігі Жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасының аясында жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда отандық бастауыш білім беру үдерісі оқушыларға жаппай-фронталды мағлұматтарды ұсынумен, «қаталдатылған» жүйе арқылы баланың білімін бағалаумен шектеліп қана қоймай, сонымен қатар оқушының құзыреттілік компоненттерін, дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін, құндылықтары мен өмірге деген көзқарастарын қалыптастыруды мақсат ретінде алып, осы бағытта республикалық білім беру саясатын жүргізіліп келеді. Осындай шаралардың аясында зерттеу мәселесі бастауыш деңгей оқушыларының құндылық бағдарын дамыту мақсатында бастауыш білім беру үдерісінің оңтайлы басқару тетіктерін табу, жүзеге асыру, осы бағытта іздену жұмыстарын жүргізу зерттеу мәселесінің өзекті екендігін аңғартады.

5. Қазақстандық білім беру жүйесі түбегейлі және ішінара цифрлық технологиялардың көмегімен оқу процесін ұйымдастыру мен басқару шараларын қарастырды және осы бағытта бірқатар іс-әрекеттерді табысты түрде жүзеге асырып келеді. Дәл осы цифрлық технологиялар, атап айтар болсақ білім беру платформаларының көмегімен мектеп әкімшілігі, менеджер-педагогтардың, мұғалімдердің оқу процесін ұйымдастыру мен басқаруға жұмсайтын уақыты мен жұмыс күшін оқушылардың құндылық бағдарын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған басқару шараларын негіздеуге мүмкіндігін туындатады. Сондықтан да зерттеу мәселесі болып табылатын бастауыш деңгей оқушыларының құндылық бағдарын дамыту мақсатында бастауыш білім беру үдерісін ұйымдастырудың көкейтесті, әрі маңызды іздену тақырыбы екендігін дәлелдей түседі.

7. Кіші сынып жасындағы оқушылардың жас, психикалық және биологиялық, тұлғалық ерекшеліктеріне назар аударатын болсақ, дәл осы кезеңде балалардың басты дүниетаным, өмірге және өзіне деген көзқарастары мен принциптері, құндылық бағдарлары қалыптасатын кезең екендігі көзге түседі. Сол үшін де бастауыш сынып жасынан бастап балалардың бойында түрлі адами көзқарастар мен адалдық, шыншылдық, шынайылық, өзіндік принциптерге сүйене білу, ұлтжандылық, адамсүйгіштік, адамдардың қадір-қасиетін ұғына білу және адамдарды құрметтей білу іспеттес құндылық элементтерін қалыптастыру, нығайту-мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің басты стратегиялық мақсаттарының біріне айналуы қажет. Сол үшін де мектеп әкімшілігі бастауыш сыныптағы барлық ұйымдастырылатын процестерді осы

аталмыш мақсатқа бағыттай да білуі керек болады. Бұл факторлар зерттеу мәселесінің өзектілігін тағы да бір рет дәлелдейді.

Бастауыш деңгей оқушыларының құндылық бағдарын дамыту мәселесін зерттеумен айналысатын ғылыми бағыттар, мектептер мен осы мәселе төңірегіндегі басты ұстанымдарға тоқтала кетсек:

- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы немесе жобасы. Қазіргі таңда осы жоба шеңберінде қазақстандық ғалымдар көптеген іздену жұмыстарын жүргізуде. Ол іздену жұмыстарының бағыты: оқушылардың үйлесімді-құндылық дүниетанымы қалыптасқан тұлға ретінде дамуы үшін оқу кеңістігін құрастыру. Осы бағытта оқушылар тұлғасын қалыптастыру бағытында орта мектептегі оқу және тәрбиелеу үдерісін ұйымдастырудың тетіктеріне талдау жасалуда.

- «Адал азамат» тұжырымдамасы. Осы тұжырымдама идеологиясы бойынша қазақстандық барлық бастауыш білім беру мекемесінің оқушылары өзінің бойына көптеген құндылық бағдарын қалыптастыруды, дамытуды қолға алған. Мәселен, жас ұрпақтың бойында шыншылдық, адалдық, еңбексүйгіштік, елжандылық, өз ұлтының тағдырына аландаушылық іспеттес құндылықтардың нығаюын және баланың дүниетанымында осындай адами қасиеттердің жинақтала сіңуін «Адал азамат» тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатына айналдырды. Сондықтан ҚР «Адал азамат» тұжырымдамасының қабылдануы және жүзеге асырыла бастауы- бастауыш деңгей оқушыларының құндылық бағдарын дамыту мәселесінің отандық қоғамда көкейтесті мәселе екендігін дәлелдейді. Зерттеу жұмысы барысында бастауыш сынып оқушыларының бойында түрлі адами қасиеттерді құндылық ретінде қабылдаған дүниетанымының қалыптасуына педагогикалық және тәрбиелік жағдай жасайтын білім беру кеңістігін ұйымдастыру мен тиімді басқарудың тетіктерін анықтау жйне жүзеге асырудың қажеттілігін талап етеді.

Мәселемен айналысушы ғылыми мектептерге де тоқталсақ:

Бірінші мектеп- Аксиологиялық бағыт. Аталмыш бағыт бойынша орта мектепті басқаруда оқушылардың адами өлшемдері мен құндылықтары басшылыққа алынады. Бастауыш мектептегі оқу және тәрбиелеу процесінің басты мақсаты-өзінің құндылықтарына бағдаралана алатын оқушыларды қалыптастыру.

Аксиологиялық бағыттың авторы-В. Караковский мен Н. Шуркова болып табылады. Қазақстанда бұл құндылықты қалыптастырушы және ұйымдастырушы бағытты жалғастыра зерттеген автор Г.К. Нұрғалиева болып саналады.

Екінші бағыт-Жүйелі-іс-әрекеттік бағыт. Адамзат өз даму және есею процесінде түрлі іс-әрекеттерден өтетіндігі белгілі. Мәселен, мектепке дейінгі бала ойын іс-әрекеті, мектепке келген соң-оқу іс-әрекеті, кәмелетке толған соң еңбек іс-әрекеті. Жүйелі-іс-әрекеттік бағыт бойынша бастауыш сынып балалары оқу іс-әрекеті барысында құндылықтар білімге ұмтылу мен ізденудің нәтижесінде қалыптасады деп тұжырымдайды.

Бастауыш сыныпта оқушылардың құндылықты бағдарын дамыту мақсатында оқу процесін жүйелі іс-әрекеттік бағытта ұйымдастыру бағытын негіздеген авторлар: Л. Выготский, А. Леонтьев., Д. Эльконин.,В. Давыдов атап өтуге болады. Қазақстанда аталмыш бағытты жалғастыра отырып зерттеген Н. Хмель болып саналады.

Үшінші бағыт: Орта мектепті құндылықтарға бағыттай отырып ұйымдастыру және басқару бағыты. Аталмыш бағыт батыс елдерінің зерттеушілерінің негіздеуімен қалыптасқан. Бұл бағыт бойынша кез-келген мекеме, оның ішінде жалпы білім беретін мектептегі барлық қатысушы тараптар арасында құндылықтары қаншалықты бірегей болса, соншалықты оқу процесі тиімді жүзеге асырылып, нәтижелі ұйымдастырылады. Бағыттың негізін салушылар: С. Долан.,С. Гарсия, Нил Хаукс., Р. Барретт болып табылады. Отандық білім беру тұжырымдамалары мен білім беру саясатының мазмұнында дәл осы бағыттың концепциялары басшылыққа алынғандығын айта кету керек. Мәселен, «Адал азамат» тұжырымдамасы. Сонымен қатар қазақстандық ғалым Ш. Таубаева осы орта мектепті құндылықтарға бағыттай отырып ұйымдастыру және басқару бағытының жалғастырушы авторларының бірі.

Төртінші бағыт: этнопедагогикалық бағыт. Аталмыш бағыт бойынша қазақи мәдениет дәстүрлері, ұлттық мұра мен мектепті басқару жүйелері өзара байланысқан, түйіскен

ұйымдастыру шаралары жатады. Жалпы орта мектеп, оның ішінде бастауыш білім беру жүйесі ұлттық мұра, салт-дәстүрлер мен қазақ халқының фәлсафалық дүниетанымына сүйене отырып, оқыту және тәрбиелеу процестері ұйымдастырылады және басқару тетіктері осы бағытта жүзеге асырылады. Бұл аталмыш бағыттың атворлары: К. Қожахметова., А. Сейтешев.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы өз деңгейінде жүзеге асырылып келеді. Аталмыш бағдарламаның басты ұстанымы-оқушылардың, оның ішінде кіші сынып жасындағы балалардың бойында ұлттық-этнопедагогикалық құндылықтар мен жалпы адами-гуманистік құндылықтарды сіндіру. Осы аталмыш бағдарламаның шеңберінде зерттеу мәселесі болып табылатын бастауыш деңгей оқушыларының құндылық бағдарын дамытуға бағытталған әкімшілік және басқарушылық шараларының тиімділігін анықтау және осы мәселені тәжірибелік-экспреименттік сыннан өткізіп, оқушылардың құндылық дүниетанымдарын қалыптастыруды білім беру кеңістігін құру және басқарудың моделін ұсынуды қажет етеді.

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Кукенов Ж.Ж., Бахтиярова Г.Р., Ольховая Т.А. «Жаратылыстанудағы құндылықтар әлемі» элективті курсын оқыту процесінде бастауыш сынып оқушыларының құндылық бағдарларын қалыптастыру. – 2023.
2. Құдышева К., Кикина М.И., Найманбаева К.Қ. Бастауыш мектепте құндылық бағдар қалыптастырудың теориялық негіздері.
3. Тілеуова С.С., Нұрғалиева Д.А., Исмаилова К.А. Құндылық бағдар қалыптастырудың педагогикалық негіздері.
4. Жарықбаев Қ. Психология және ұлттық тәлім-тәрбие мәселелері.
5. Мұхамбетова С.Қ., Қирабаева Ш.А., Қаплиева А.Қ. Ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу мәселелері.
6. Игенбаева Б.Қ. Оқушылардың тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру.
7. Ерасов Б.С. Социальная культурология (құндылықтар теориясы).
8. Қазақстан Республикасының *Білім туралы заңы*